

Ермұхамет Маралбек^{1*}, Әсем Корбозова Нышанәліқызы², Абдулазиз Сайауышұлы³^{1*} автор-корреспондент, философия докторы (PhD),

А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Қазақстан, Алматы қ.,

ORCID: 0000-0001-5954-8669 E-mail: elahau@mail.ru

² магистрант, А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Қазақстан, Алматы қ.,

ORCID 0009-0004-7104-0920 E-mail: asem.korbozova@mail.ru

³ магистрант, А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Қазақстан, Алматы қ.,

ORCID 0009-0009-5048-3809 E-mail: saiaushuly001@mail.ru

**/У/ МЕН /И/ ДЫБЫСТАРЫН ТАРАТЫП ЖАЗУ ЖОБАСЫНЫҢ
ӘЛЕМДІК ТІЛДЕРМЕН ИНТЕГРАЦИЯДАҒЫ КӨРІНІСІ
(Қазақ және қытай тілдерінің буын жүйесін салыстыра талдау)**

Андатпа. Мақалада қазақ тіл білімінде бір ғасырдан бері талас тудырып жүрген /у/ мен /и/ дыбыстарының жазылуының фонологиялық және графикалық ерекшелігі қытай тілімен салыстырыла отырып талданады. Мақала аталған дыбыстарды /уу/, /үү/, /уу/, /уу/, /уу/, /уу/ түрінде алты қосар таңбамен таратып жазу салдары қазақ тілінің буын тұрпатын қытай тіліне ұқсатып, айтылу ерекшелігін өзгертуі мүмкін деген қауіпті ашып беруді мақсат етеді. Бұл мақсатқа жету үшін өзара тәуелді, бірін-бірі толықтырып отыратын 4 міндет желісі құрылып, осыған сәйкес зерттеу 4 кезең бойынша жүргізілді. Бірінші кезеңде қазіргі заманғы қытай тілінің академиялық сөздіктерінен қытай тіліндегі барлық 420-ға жуық буын түрлері жинақталып, олардың ішіндегі /у/ (u, w) мен /и/ (i, y) дыбыстарына қатысты түрлері, саны анықталып, тізімі жасалды. Зерттеудің бұл кезеңінде сандық әдіс, жүйелеу, жинақтау тәсілдері қолданылды; екінші кезеңде қазақ тілінде алты түрлі буын типі (V, VC, CV, CVC, VCC, CVCC,) бойынша 28 төл дыбыс қанша буын құрай алатыны математикалық әдіспен анықталып, олардың ішінде /у/ мен /и/ дыбыстарына қатысты буындардың саны, түрлері анықталып, нақты тізімі жасалды. Бұл екі кезеңде зерттеу нәтижелері ғана мақалаға енгізілді, зерттеу барысы мен әдістері, материал жинау кезеңі туралы ақпарат берілмеді; үшінші кезеңде қазақ және қытай тілдеріндегі /у/ (u, w) мен /и/ (i, y) дыбыстарына қатысты буындардың графикалық және фонетикалық сипаты кесте түрінде өзара салыстырып, ерекшеліктері мен ұқсастықтары анықталды. Бұл кезең үшін тарихи-салыстырмалы әдіс қолданылды. Нәтижесінде /у/ мен /и/ дыбыстары таралытып жазылған жағдайда, қытай тілі буындарына графикалық тұрпаты дәл түсетін, соның салдарынан оқылуы да бірдей болып кету қауіпі бар қазақ тілінің 27 буыны анықталды; зерттеудің соңғы кезеңінде қазақ тіліндегі /у/ және /и/ дыбыстарын таңбалаудағы қауіптер мен мүмкіндіктер анықталып, қорытынды тұжырымдар жасалып, ғылыми қауымға ұсынылды. Зерттеуде қазақ және қытай тілдерінің тарихи байланысы, буын түрлері мен типтері жазу теориясы аспектісінде алғаш қарастырылып отыр.

Түйін сөздер: /у/ (u, w) мен /и/ (i, y); жазу; буын заңы; буын типі; қытай тілі буындары**Қаржыландыру көзі:** Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің BR20280984 «Қазақ тілінің жаңғыру әлеуеті: жаңартпалар <лат.innovation>, үрдістер мен үдерістер» атты ғылыми-зерттеу жобасының аясында жазылды.**Сілтеме жасау үшін:** Маралбек Е., Корбозова Ә.Н., Сайауышұлы А. /У/ мен /и/ дыбыстарын таратып жазу жобасының әлемдік тілдермен интеграциядағы көрінісі (қазақ және қытай тілдерінің буын жүйесін салыстыра талдау). *Tiltanyt*, 2025. №4 (100). 196-209-бб.DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-4-196-209>**Ермухамет Маралбек, Асем Корбозова Нышаналиевна², Абдулазиз Сайауышұлы³**^{1*} автор-корреспондент, доктор философии (PhD), Институт языкознания имени

А. Байтұрсынұлы, Казахстан, г. Алматы, ORCID: 0000-0001-5954-8669 E-mail: elahau@mail.ru

² магистрант, Институт языкознания имени А. Байтұрсынұлы, Казахстан, г. Алматы,

ORCID 0009-0004-7104-0920 E-mail: asem.korbozova@mail.ru

³ магистрант, Институт языкознания имени А. Байтұрсынұлы, Казахстан, г. Алматы,

ORCID 0009-0009-5048-3809 E-mail: saiaushuly001@mail.ru

**РЕПРЕЗЕНТАЦИЯ ПРОЕКТА РАЗВЕРНУТОГО ГРАФИЧЕСКОГО ОБОЗНАЧЕНИЯ
ЗВУКОВ /У/ И /И/ В КОНТЕКСТЕ ИНТЕГРАЦИИ С МИРОВЫМИ ЯЗЫКАМИ
(Сравнительно-сопоставительный анализ слоговой системы
казахского и китайского языков)**

Аннотация. В статье рассматриваются фонологические и графографические особенности звуков /у/ и /и/, которые на протяжении столетия остаются предметом дискуссий в казахском языкознании, с сопоставлением данных китайского языка. Целью статьи является выявление риска того, что передача данных звуков посредством шести парных иероглифических сочетаний – /уу/, /үү/, /ую/, /иу/, /ый/, /ий/ – может изменить фонетический облик казахского языка, сделав его похожим на слоговой китайский язык. Для достижения поставленной цели сформулированы четыре взаимосвязанные и взаимодополняющие задачи, в соответствии с которыми исследование проводилось в четыре этапа. На первом этапе были собраны все 420 слоговых типов китайского языка на основе современных академических словарей. Среди них были определены типы и количество слогов, содержащих звуки /у/ (u, w) и /и/ (i, y), после чего был составлен соответствующий перечень. На данном этапе исследования применялись численный метод, а также методы систематизации и компиляции; На втором этапе математическим путём определялось количество слогов, которые могут быть образованы 28 исконными звуками казахского языка по шести слоговым моделям (V, VC, CV, CVC, VCC, CVCC). Кроме того, рассчитывались количество и типы слогов, относящихся к звукам /у/ и /и/, после чего составлялся их конкретный перечень. На этих двух этапах в статью включались только результаты исследования; сведения о процессе, методах и периоде сбора материала намеренно не раскрывались. На третьем этапе графические и фонетические характеристики слогов, относящихся к звукам /у/ (u, w) и /и/ (i, y) в казахском и китайском языках, сравнивались в таблице, выявлялись их особенности и сходства. Для этого этапа применялся историко-сравнительный метод. В результате было обнаружено 27 слогов казахского языка, графический тип которых полностью соответствует слогам китайского языка, вследствие чего их произношение потенциально может приблизиться к китайскому. На заключительном этапе исследования были выявлены риски и возможности графического обозначения звуков /у/ и /и/ в казахском языке, сформулированы выводы и представлены научному сообществу. В работе впервые рассматривается историческая связь казахского и китайского языков, а также классификация слогов с точки зрения теории письма.

Ключевые слова: /у/ (u, w) и /и/ (i, y); письменность; законы слога; слоговой тип; китайские слоги

Источник финансирования: Статья подготовлена в рамках научно-исследовательского проекта Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан BR20280984 «Модернизационный потенциал казахского языка: инновации, тенденции и процессы»

Для цитирования: Маралбек Е., Корбозова А.Н., Сайауышулы А. Репрезентация проекта развёрнутого графического обозначения звуков /у/ и /и/ в контексте интеграции с мировыми языками (сравнительно-сопоставительный анализ слоговой системы казахского и китайского языков). *Tiltany*, 2025. №4 (100). С. 196-209. (на каз. яз.)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-4-196-209>

Yermukhamet Maralbek^{1*}, Assem Korbozova², Abdulaziz Saiaushuly³

^{1*}Corresponding Author, Doctor of Philosophy (PhD), A. Baitursynuly Institute of Linguistics, Kazakhstan, Almaty, ORCID: 0000-0001-5954-8689 E-mail: elahau@mail.ru

²Master's Student, A. Baitursynuly Institute of Linguistics, Kazakhstan, Almaty, ORCID 0009-0004-7104-0920 E-mail: asem.korbozova@mail.ru

³Master's Student, A. Baitursynuly Institute of Linguistics, Kazakhstan, Almaty, ORCID 0009-0009-5048-3809 E-mail: saiaushuly001@mail.ru

THE REPRESENTATION OF THE PROJECT FOR EXPLICIT ORTHOGRAPHIC SPELLING OF THE SOUNDS /U/ AND /I/ IN THE CONTEXT OF INTEGRATION WITH WORLD LANGUAGES

(A Comparative Analysis of the Syllable Systems of the Kazakh and Chinese Languages)

Abstract. The article examines the phonological and graphographic features of the sounds /u/ and /i/, which have remained a subject of debate in Kazakh linguistics for a century, with a comparative reference to data from the Chinese language. The aim of the article is to identify the risk that representing these sounds through six paired hieroglyphic combinations – /уу/, /үү/, /ую/, /иу/, /ый/, /ий/ – may alter the phonetic structure of the Kazakh language, making it resemble the syllabic Chinese language. To achieve this goal, four interrelated and complementary tasks were formulated, and the study was conducted in four stages. At the first stage, all 420 syllable types of the Chinese language were collected based on modern academic Chinese dictionaries. Among them, the types and number of syllables containing the sounds /u/ (u, w) and /i/ (i, y) were identified, after which a corresponding list was compiled. At this stage, quantitative, systematization, and compilation methods were used. At the second stage, the number of syllables that can be formed by the 28 native sounds of the Kazakh language according to six syllable models (V, VC, CV, CVC, VCC, CVCC) was determined mathematically. In addition, the number and types of syllables related to the sounds /u/ and /i/ were calculated, followed by the compilation of a detailed list. During these two stages, only the results were included in the article; information on the procedure, methods, and period of data collection was intentionally omitted. At the third stage, the graphic and phonetic characteristics of syllables associated with the sounds /u/ (u, w) and /i/ (i, y) in Kazakh and Chinese were compared in a table, and their features and similarities were identified. The historical-comparative method was applied at this stage. As a result, 27

syllables of the Kazakh language were found whose graphic structure fully corresponds to those of the Chinese language, which implies a potential risk of their pronunciation becoming similar to Chinese. At the final stage of the study, the risks and possibilities of the graphic representation of the sounds /u/ and /i/ in Kazakh were identified, conclusions were drawn, and the results were presented to the academic community. This study is the first to examine the historical connection between the Kazakh and Chinese languages, as well as the classification of syllables from the perspective of writing theory..

Keywords: /u/(u, w) and /i/(i, y); writing; laws of syllable; syllabic type; Chinese syllables

Source of financing: This article was written within the framework of the scientific research project of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan BR20280984 “The Potential of Modernization of the Kazakh Language: Innovations, Tendencies and Processes”.

For citation: Maralbek, Y., Korbozova, A., Saiauyshuly, A. The Representation of the Project for Explicit Orthographic Spelling of the Sounds /u/ and /i/ in the Context of Integration with World Languages (A Comparative Analysis of the Syllable Systems of the Kazakh and Chinese Languages). *Tiltany*, 2025. No.4 (100). P. 196-209. (in Kazakh)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-4-196-209>

Кіріспе

Жазу тарихына зер салсақ, Қазақстан территориясында мекендеген, қазіргі біртұтас қазақ ұлты мен оның этникалық құрамын қалыптастырған байырғы ру-тайпалар руна, соғды, көне түркі, араб, латын, кирил сияқты көптеген жазу түрлерін қолданғаны белгілі. Бұл жазу түрлері қазақ ұлтының этникалық генезисінің аса ірі тарихи бетбұрыс кезеңіне тұспа-тұс келеді. Сондықтан да жазу, графика – тек таңбалар өзгерісі емес, бір ұлттық рухани және материалдық құндылықтары мен қоғамдық қатынастарының жүйелі өзгерісін сипаттайды.

Әліпби реформасы мемлекеттік деңгейде күн тәртібіне қойылуына орай қазақ жазуы мен емлесінің күрделі мәселелері турасында ғалымдары арасында ауқымды талқылау, зерттеу жұмыстары басталды. Бұл үдерісте орыс тілінің әсерінен қалыптасқан емлелік ерекшеліктер мен кірме дыбыстардан арылу, оны ғылыми тұрғыдан дәйектеу негізгі тенденцияның біріне айналды. Осыған орай тілтанушылар арасында екі түрлі ұстаным қалыптасты: бір топ ғалымдар қазақ тілін заманға сай бейімдеу, прогрессивті түрде жетілдіру, оң өзгерістерді қабылдау керек деген ұстанымды қолдаса, екінші тобы қазақ тілінің ішкі грамматикалық заңдылықтары мен орфографиялық нормаларын XX ғасыр басындағы «ұлттық кезеңге» (Ахмет Байтұрсынұлы дәуіріндегі) қайтару керек дегенді құптайды. Осы екіұдай ұстанымның қалыптасуына, қазақ ғалымдарының бір пікірге келе алмауына себеп болып отырған ең күрделі тақырыптардың бірі – қазақ тіліндегі /y/, /и/ дыбыстарының фонологиялық қасиеті мен графикалық ерекшеліктері болып отыр.

Бұл тақырып XX ғасыр басынан бері әр дәуірдегі емле реформасы кезінде қазақ тілтанушылары арасында талас тудырып келе жатқаны белгілі. Турасын айтқанда, /y/, /и/ тақырыбындағы талас Ахмет Байтұрсынұлы еңбектерінен басталады. Бұл туралы біз бірнеше мақала жариялаған болатынбыз (Маралбек, 2019). Олай болса, бір ғасыр өтсе де, бұл таласқа неге нүкте қойылмай келеді? Біздің ойымызша мұның бірнеше себебі бар:

1. Ахмет Байтұрсынұлының «у» мен «и» тақырыбындағы тұжырымдарын жан-жақты, терең білмеу, түпнұсқа еңбектермен кешенді жұмыс жасамаудан;
2. XX ғасыр басындағы тілдік жағдаятты жете білмеу, графика мен орфография тарихын тыңғылықты зерттемеуден;
3. Әлемдік кеңістіктегі қатаң бәсекеге дөп келген қазақ тілінің қазіргі күйін ескермеу, болашағын дұрыс бағамдай алмаудан.

Аталған себептердің үшіншісін кеңірек талқылайтын уақыт жетті деп ойлаймыз. Бірінші, екінші себептерді жете түсіну үшін ғылыми деңгей, шын ғалымға тән бекзаттық болмыс керек. Дегенмен, үшінші себепті бір мақала көлемінде түсіндіру мүмкін емес, бұған көлемді еңбек, көптеген ішкі тақырыптар бойынша зерттеулер қажет. Біз бұл зерттеуде нақты бір мәселені ғана алып, сол шеңберде көтерген түйткілге жауап іздеуге тырысамыз.

Тілдің, жазудың кейбір күрделі мәселелерін тілдің өз ішінде шешу, үкім шығару дұрыс нәтиже бермейді. Жазу, ең әуелі, тілдегі әлеуметтік нысан болғандықтан, оған тек тіл заңдылықтары тұрғысынан ғана емес, әлеуметтік, субъективті факторлардың объективті ықпалдары тұрғысынан да қарау керек. Жазу тіл үшін шығарылмаған, яғни ауызша тілдің ішкі қажеттілігінен жазу пайда болмаған, керісінше жазу да, тіл де әлеуметтік, қоғамдық қатынастың

қажеттілігінен пайда болған. Олай болса, қоғамдық-әлеуметтік қатынас тудырған нәрсені оның әр дәуірдегі сұранысына қарай дамытуға да, өзгертуге де болады, бірақ әрине, бейберекет емес, жүйемен, заңдылықпен. Демек, біз жазуды тілдің заңдылығы үшін емес, әлеуметтік, қоғамдық қатынастарға қажеттілігін өлшем, бағдар етіп өзгертуге тиіспіз. Әлеуметтік топқа, қоғамдық қатынасқа қажет нәрсені тілдік ішкі заңдылығына байлап-матау оның функциясын әлсіретумен, соңында оның қызметін басқа балама ауыстыруымен аяқталады. Жазу – тілдің дәл өзі де емес, оның тек графикалық формасы ғана.

Жазу тілдің ішкі заңдылығына қарай жасалатыны шындық, бірақ жазу тілдің толық болмысын ешқашан бере де, ауызша формадағы қызметін мүлтіксіз атқара да алмайды. Тілді өмір сүре алатын тілшілік иесі, не адамның өзі десек, жазу сол адамның портреті ғана. Бұл «портрет» адамның өзін-өзі тануы, ішкі болмысын өзіне не өзгеге көрсету үшін емес, көзге көрінетін сыртқы жаратылысын көрсету үшін керек. Сол сияқты жазу да тілдің мидағы мазмұнын екінші бір нысанға тасымалдайтын ұйымдасқан графикалық құрылым, шарттылық ғана. Олай болса, жазу мен тілді теңестіру, соған сәйкес тіл болмысы туралы күрделі шешімдерді қабылдау – тек адасуға әкеледі.

Тілдер өз бетінше дамып, оған сырттан бөгде тілдің экспансиясы әсер етпейтін, қоғамдық-әлеуметтік, тіпті саяси себептер ықпал етпейтін дәуірде жазуды тілдің ішкі заңдылығына қарай реформалаған дұрыс та шығар. Бірақ оның өзінде, жоғарыда айтқандай, жазудың басты коммуникативтік қызметін естен шығармаған дұрыс. Ал қазіргідей бір адам көптілді меңгерген, бір қоғамда бірнеше тіл белсенді қолданыс тапқан, тіпті тілдердің жаһандық кеңістікке енген дәуірінде оны өз ішінде оқшаулау, өзге тілмен қарым-қатынасында алынбас бөгет қою тілді ешқашан өсірмейді. Бұл – тіл адам үшін емес, адамдар тіл үшін қызмет етуді, өте үлкен күш жұмсауды талап ететін жол. Бірақ мұның соңы ұлт үшін қызмет ететін қолайлы құрал жасау емес, тұтас ұлт қызмет ететін қолдан соққан қорған салумен аяқталады. Мұндай жолмен әлемдік кеңістікке ену, тіл додасына қосылып, одан озып бәйге алу мүмкін емес.

Бұл ретте қазақ тілінің әлем тілдерімен қатынасын анықтау өте маңызды. Қазақ тілі даму тарихының ортағасырлық кезеңінде араб-парсы тілдерімен тығыз қарым-қатынаста болып, өз кеңістігіне енген бөгде құрылым мен жүйені ауызша тіл қуаты өз илеуіне көндіріп, дағдысына, жүйесіне салып алды. Соған қарамастан жат тілдік құрылымның қандай да бір бөгделік белгісі сақталып қалады. Одан кейін, өткен жүз, жүз елу жылдықта қазақ тілі орыс тілімен өте терең интеграцияға түсіп, тілдің барлық деңгейінде қомақты өзгерістер орын алғаны мәлім. Бұл ауызша тілдің қуаты кеміген, жазудың маңызы артып, оның орнын басқан дәуірде болды. Жазудың өзге тілдің экспансиясына төтеп бере алмайтынын осыдан-ақ көруге болады. Ал қазіргі дәуірде жазудың, шартты белгілердің, таңбалар әлемінің мәні, қызметі одан сайын артып отыр. Осы дәуірде және болашақта енді қандай жаңа тілдік қақтығыстар пайда болады, болашақтағы қауіптер мен мүмкіндіктер қандай, соған назар аудару – қазақ жазуының кезекті реформасындағы маңызды қадам.

Қазіргі таңда және болашақта қазақ тілімен интеграциясы күшейіп келе жатқан тілдердің қатарында ағылшын тілі мен қытай тілі тұрғаны белгілі. Мұның сыртында өзге әлемдік тілдердің де әсерін есептен шығармау керек. Әлемдегі тілдердің функционалды-коммуникативтік картасынан қазақ тілі өзіндік кеңістік алуы үшін оның қызметін аталған алпауыт тілдермен бәсекелестікке дайындау, үйлестіру, іргесін кеңейту, жаңа мүмкіндіктер қарастыру керек. Осы ретте шешетін жақын жылдардағы міндеттердің бірі – қазақ тілі мен қытай тілінің интеграциясы.

Қазақ тілі мен қытай тілінің жазу және тіл жүйесі бөлек, бірақ тілдің қызметі бір. Бұл бірлік тілдердің бір-біріне әсерін қандай жолмен болса да жүзеге асырмай қоймайды. Қазақ тілі мен қытай тілінің ең жақын тұсы – буын. Екеуі де – буын тіл, буын заңына бағынатын тіл. Біздің ойымызша қытай тілі тіл тарихының бір кезеңдерінде қазақ тілі сияқты жалғамалы тіл болған немесе сол жолға түскен, одан кейін жазу пайда болғанда, жазу, алғашқы иероглифтер бір буынды мағыналы түбірлерді таңбалаған да, буынның әрі қарай фонемаға дейін бөлшектенуіне ырық бермей, құрылымын қатаң қалыпқа салып, өзгертпей ұстап қалған. Соның салдарынан жеке графикаға ие болған буындар ғана тілде сақталып, қалғаны мүлде жоғалған. Қазіргі қытай тілінде 420-ға жуық буын және олардың өз алдына иероглифтері бар. Бірақ бұл буындардың

көпшілігі лексикалық мағынаға ие. Қытай тілінде сөз мағынасын бір буынды сөздердің (моносиллаб) тіркесі жасайды, яғни аналитикалық тәсіл – қытай тілі сөзжасамының бірден-бір әрі басты тәсілі.

Қазақ тілінде бір буынды сөздер (моносиллаб) тіл тарихының есте жоқ ескі дәуірінде фонемаға дейін бөлшектеніп, сөздер буыннан, буын дыбыстан құралатын жалғамалы тілге айналған. Бұған тілдің ауызша дамуы табиғи түрде себеп болған. Қазақ жазуы да ерте пайда болған, бірақ салыстырмалы түрде қытай жазуынан кештеу және тілдің жалғамалы жүйесі қалыптасып болғаннан кейін. Қазақ тілінде сөз мағынасын дыбыстар мен буындардың тіркесі жасайды, өзгертеді және сөзжасамдық тәсіл екеу – синтетикалық тәсіл мен аналитикалық тәсіл. Кейде ғалымдар үшінші тәсіл ретінде «синтетика-аналитикалық тәсіл» деп те қосады. Қалай болғанда да, қазақ тілінде сөздер бірде жалғанып, бірде тіркесіп жасалады. Тіркесім тәсілі – қазақ тілі сөзжасамында да өнімді тәсілдердің бірі.

Қытай тілі – буынды жазуға бағындырған тіл, қазақ тілі – буындары жазуға бағынбай, ауызша тілмен еркін дамыған тіл. Сондықтан да қытай тілінде 420-ға жуық белсенді қолданыстағы буындар болса, қазақ тілінде бұлардың саны әлденеше мыңға жетеді (нақты саны әлі толық анықталмаған). Біздің шамалауымызша қазақ тілі дыбыстарының (28 дыбыс) буын құрау мүмкіндігі 11 мыңға дейін жетеді. Қытай тілінде 420 буынның көпшілігі лексикалық мағыналы болса, қазақ тілінде буынның мағыналы түрлері де (бір буынды сөздер), мағынасыз түрлері де бар. Бұл мағыналы буындар – бір буынды сөздер (моносиллабтар) деп аталады. Бұлардың саны жалпы қолданыстағы буын түрлерінен аз болуға тиіс.

Екі тілде де буын заңы бар, екі тілдің қалыптасуында буынның атқаратын рөлі ерекше. Олай болса екі тілдің интеграциясында осы буындардың қалай әрекет ететінін зерттеу өте маңызды. Бұл үшін екі тілдің буын құрамындағы ерекше құбылыстарды зерттеу керек. Бұл әрине фонологиялық сипаты күрделі, қызметі универсал, графикалануы екіұдай – /y/ мен /и/ дыбыстары құрамында бар буындар.

Қазақ және қытай тіліндегі /y/ мен /и/ дыбыстарының фонологиялық ерекшелігі мен буын ішіндегі қасиетін, графикалық ерекшелігін салыстыру үшін төмендегі сұрақтарға жауап іздеу қажет:

1. Қытай тілінде қанша буын бар, олардың ішінде /y/ мен /и/ дыбыстарына қатысты буындардың саны қанша, түрлері қандай, нақты тізімін жасау керек;
2. Қазақ тілінде қанша буын бар, олардың ішінде /y/ мен /и/ дыбыстарына қатысты буындардың саны қанша, түрлері қандай, нақты тізімін жасау керек;
3. Қазақ, қытай тілдеріндегі /y/, /и/ дыбыстарына қатысты буындардың графикалық және фонетикалық ерекшелігін өзара салыстырып, ерекшеліктері мен ұқсастықтарын анықтау керек;
4. Қазақ тіліндегі /y/, /и/ дыбыстарын таңбалаудағы қауіптер мен мүмкіндіктерді анықтау керек.

Материал және әдістер

Қазақ және қытай тілдерінде буын жүйесінің алатын орны ерекше. Қытай тілінің буын тұрпатын иероглифтер қалыптастырса, қазақ буындары фонемалардан құралады. Дегенмен, біздің мақсатымыз екі тілдің туыстығын іздеу емес. Мақсатымыз – /y/, /и/ дыбыстарының графикалық ерекшелігін қытай тілімен буын деңгейінде салыстырып, тарихи-салыстырмалы зерттеу әдісінің көмегімен қазақ тіліндегі буын түрлерінің қытай тілінен нақты айырмашылығын көрсету. Нәтижесінде аталған дыбыстардың графикалық ерекшелігі әсерінен қазақ тілі буындарының бір бөлігі қытай тілінің буындарының айтылу ерекшелігіне бейімделіп кетуінің алдын алу мақсаты көзделеді және соның ғылыми негіздемесі ұсынылады. Зерттеу мақсатын орындау үшін бірін-бірі толықтыратын міндеттер қойылып, зерттеу кезеңдер бойынша жүргізілді. Бірінші кезеңде қазіргі заманғы қытай тілінің академиялық сөздіктерінен қытай тіліндегі барлық 420-ға жуық буын түрлері жинақталып, олардың ішіндегі /y/ (u, w) мен /и/ (i, y) дыбыстарына қатысты түрлері, саны анықталып, тізімі жасалды. Зерттеудің бұл кезеңінде сандық әдіс, жүйелеу, жинақтау тәсілдері қолданылды; екінші кезеңде қазақ тілінде алты түрлі буын типі (V, VC, CV, CVC, VCC, CVCC,) бойынша 28 төл дыбыс қанша буын құрай алатыны математикалық әдіспен анықталып, олардың ішінде /y/ мен /и/ дыбыстарына қатысты

буындардың саны, түрлері анықталып, нақты тізімі жасалды. Үшінші кезеңде тарихи-салыстырмалы әдістің көмегімен қазақ және қытай тілдеріндегі /y/ (u, w) мен /и/ (i, y) дыбыстарына қатысты буындардың графикалық және фонетикалық сипаты кесте түрінде өзара салыстырып, ерекшеліктері мен ұқсастықтары анықталды. Нәтижесінде /y/ мен /и/ дыбыстары таралытып жазылған жағдайда, қытай тілі буындарына графикалық тұрпаты дәл түсетін, соның салдарынан оқылуы да бірдей болып кету қауіпі бар қазақ тілінің 27 буыны анықталды. Зерттеудің соңында құрылымдық және сипаттамалы әдістердің көмегімен қазақ тіліндегі /y/ мен /и/ дыбыстарын таңбалаудағы қауіптер мен қиындықтар, жаңаша мүмкіндіктер анықталып, қорытынды тұжырымдар шығарылды.

Зерттеудің материалдық базасын қазақ және қытай тілдеріндегі академиялық сөздіктер мен қазақ тілінің 6 түрлі буын типі бойынша жинақталған 10 мыңнан аса мысал сөздер (түбір сөздер мен қосымшалар), 11 100-ден аса буын үлгілері қалыптастырды. Қазақ тіліндегі буын үлгілерін анықтап, оған қатысты тілдік мысалдарды жинау үшін қазақ тілі дыбыстарының тіркесім заңдылықтары зерттеліп, арнайы «тіркесім кестесі» жасалды. Сол кесте аясында V буын типі (жалғыз дауыстыдан құралған буын) бойынша 9 түрлі, VC буын типі бойынша 171 түрлі, CV буын типі бойынша да 171 түрлі, CVC буын типі бойынша 3249 түрлі, VCC типі бойынша 378 түрлі, CVCC типі бойынша 7182 түрлі буын үлгісін құрау мүмкіндігі анықталды. Жалпы саны – 11160. Бұл ықтимал буындардың қазіргі қазақ тіліндегі функционалды түрлері нақты тілдік мысалдармен, сөздер шені мен қосымша түрлеріне қарай кесте түрінде анықталды.

Әдебиетке шолу

Қазақ тіліндегі /y/ мен /и/ дыбыстарының графикалық тарихын төмендегідей төрт кезеңге бөлуге болады: қадім-жәдит кезеңі (1912 жылға дейін), Байтұрсынұлы кезеңі (1912-1928 жж.), қазақ-латын әліпбиі кезеңі (1929-1940), қазақ-кирил әліпбиі кезеңі (1940-қазірге дейін). /y/ мен /и/ дыбыстарының графикалық ерекшелігін көрсететін XVII-XIX ғасырларға тиесілі қадімше хан-сұлтандардың хаттары мен қолжазба деректері жеткілікті. Бірақ бұл еңбектердің графикалық ерекшелігін ғылыми тұрғыдан салыстыра талдаған зерттеу еңбектері жоқ. Байтұрсынұлы кезеңіндегі қазақ ұлттық жазуының ғылыми мәселелері, дыбыстардың таңбалану ерекшелігі, емле мәселесі туралы зерттеу еңбектері біршама. Десе де, көпшілігі түпнұсқа материалдар негізінде, Байтұрсынұлы еңбектерінің әр жылдардағы басылымдарын толық қамти келіп, эволюциялық сипатта қарастырылмағандықтан, біржақты пікірлер мен жеткіліксіз дәйектерге толы. Бұлардың барлығын жеке-жеке талдау біздің зерттеуіміздің мақсатына сай келмейді. Бұл тақырыпта біз Байтұрсынұлы еңбектерінің әр жылдардағы басылымдарын түпнұсқадан толық қарастыра келіп, /y/ мен /и/ дыбыстарының фонологиялық және графикалық еңбектері туралы бірнеше мақала жарияладық. Қазақ-латын әліпбиі кезеңі (1929-1940) бойынша 1929 жылы Қызылордада қабылданған емле ережелері (ЕК, 1930) мен Телжан Шонанұлының емле туралы тұжырымдары (Маралбек, 2024) зерттеуге ғылыми негіз бола алады. Қазақ-кирил әліпбиі кезеңі бойынша зерттеу еңбектері мен мақалалар да өте көп. Солардың ішінде 1940 жылғы қазақ-кирил әліпбиінің емле ереже жобасы, 1957 жылғы емле ережелердің маңызы зор. Сондай-ақ Р. Сыздықтың емле анықтағыштары (Сыздық, 2000) мен орфографиялық сөздіктерінің орны ерекше. Тәуелсіздік жылдарында, әсіресе 2013 жылдан бері қайта күн тәртібіне қойылған латынграфикалы жаңа қазақ әліпбиі реформасы кезеңінде жазылған /и/ мен /y/ дыбыстарының таңбалануы туралы мақалалар жеткілікті. Солардың қатарында Ә. Жүнісбек (2018), Н. Уәли (2018), А. Алдашева (1988), З. Базарбаева (2019), Қ. Күдеринова (2013; 2020), Б. Қапалбек (2019), О. Жұбаева (2023), Г. Мамырбектің (2018) мақалалары аталған дыбыстардың таңбалануындағы әртүрлі көзқарастар мен күрделі мәселелерін, түйткілдердің ауқымы мен дыбыстардың фонологиялық қасиетін тереңірек тануда айрықша маңызды. Жоғарыда аталған барлық зерттеулер бұл мақаланың ғылыми және эмпирикалық базасын құрайды.

Нәтижелер және талқылау

Қазіргі қазақ тіл білімінде /y/ мен /и/ дыбыстарының таңбалануы туралы ғылыми пікірлер негізінен екі топқа бөлінеді. Бірінші топ фонетист Ә. Жүнісбектің зерттеулері негізінде (Жүнісбек, 2018) аталған дыбыстарды «дауыссыз» деп танып, /ұу/ (uw), /үу/ (üw), /ыу/ (iu), /іу/ (iu), /ый/ (iy), /ий/ (iy) диграфтармен жазу керек десе, екінші топ жазу теориясының маманы

Н. Уәлидің еңбектері негізінде (Уәли, 2018), аталған дыбыстарды «бифонема» деп танып, /и/ (i), /у/ (u) түрінде бір қаріппен жазуды ұсынады. Екі пікірдің де ғылыми әрі практикалық негізі бар. Алайда соңғы пікірді ұстанушы ғалымдардың практикалық негіздемесі әлдеқайда дәйекті. Біз де соңғы пікірді ұстана отырып, мұның дұрыстығын қытай тіліндегі /и/, /у/ дыбыстарының буын жүйесімен салыстыра отырып дәйектейміз.

[У], [и] дыбыстары әлем тілдерінің көпшілігінде, әсіресе әлемдік алты тілдің бәрінде бар және ол әлемдік лингвистикада «сонор» деп аталатыны белгілі. Біз салыстыруды мақсат еткен қытай тілінде де олардың дауысты (/i/, /u/) және дауыссыз (/y/, /w/) түрлері бар. Қазақ лингвистикасында қазақ тілі мен қытай тілінің дыбыстық ерекшеліктері, буын тұрпаты салыстырыла зерттелмеген деуге болады. Екеуі бір географиялық кеңістікте ежелден көрші отырған халықтар болса да, ғылымда тілдік жүйесі мүлде бөтен тілдер ретінде қарастырылады. Десе де терең зерделей келгенде, екі тілдегі жүйелі ұқсастықтарды байқауға болады. Біздің ойымызша екі тілді бір-бірінен мүлде алшақ тілдер ретінде бөліп тұрған нәрсе, ол – жазу.

«Тіл – жүйе, тіл – құрылым», бұл – лингвистиканың ғылыми парадигмасы мен зерттеу әдістеріне жаңа бетбұрыс жасаған, XX ғасырдағы тіл білімінің аса үлкен тұлғасы Ф. де Соссюрдың тілші қауымға танымал тұжырымы. Теоретик ғалымның «Жалпы лингвистика курсы» (1999) еңбегінде «тіл» (язык) мен «сөйлеу» (речь), «жазу жүйесі» (орфографиялық принцип), «жазу мен айтылым» (орфография, орфоэпия), «фонология» (функционалды фонетика), «фонологиялық жазу» т.б. бүгінде қазақ тіл білімінде талас тудырып жүрген көптеген тақырыптар туралы ілкімді тұжырымдар табылады. Ғалым тілдің жүйелілік қасиетіне таңдана келіп: «Нигде мы не имеем в наличии такой точности обращающихся значимостей, такого большого количества и такого разнообразия элементов, и притом связанных такими строгими взаимозависимостями», – деп тұжырымдайды (Соссюр, 1999: 81-82). Тіл бір-бірімен байланысқан ішкі құрылымдық бірліктердің жүйесі бола тұра, бірде-бір бірліктері бір-біріне мүлтіксіз ұқсас болмайды, оларда қандай да бір айырым белгі сақталады. Тіл – сонысымен ғана тіл, тек соның күшімен өміршендігін сақтай алады. Ал сана осы әр алуан тіл бірліктерін тану үдерісін жеңілдету мақсатында типтес, түрлес, қызметтес – қандай да бір ортақ белгілер негізінде жіктейді, жүйелейді. Алайда осы жүйе өзгермес заңдылық ретінде танылмауы тиіс. Өйткені тілдің бір ғана бірлігінің өзі тілшілік көптеген заңдар аясында өмір сүретіндіктен, кей сәттерде бір заңның күшімен екінші заң шеңберінен шығып кететін тұстары жиі кездеседі. Мұны тілдің бұзылуы деп түсініп, сол құбылысқа байлаулы өзге заңдарды қаперден шығарып немесе оны толық тани алмай, нәтижесінде тілдегі түйткілдерді бір ғана заң аясында шешуге болмайды.

Әрбір тілдік бірлік әртүрлі өрісте түрліше қызмет атқарғанымен, тіл-тілдің эволюциялық заңы, таным кеңістігінде қызмет ету жүйесі бір. Тілдің мұндай әмбебап заңдарының қатарына «буын заңын» жатқызуға болады. «Буын – дыбысталуы (акустикасы) жағынан фонациялық ауанын қарқынмен кілт үзіп шыққан бір я бірнеше дыбыс тобынан құралған сөз бөлшегі» (Қалиев, 2005: 61). Тілдің ескі түрлерінің бәрінде буын болған, тек жазудың енуімен тілдің бұл дәстүрлі қасиеті көптеген тілдерде көмескілене бастаған. Тіл – ойдың дыбыстық формасы. Дауыс – дыбысты дәнекер ету арқылы, есту түйсігінің көмегімен ойды келесі нысанаға тасымалдаушы. Дауысты түрлендіруші – оған қойылған түрлі артикуляциялық кедергілер. Сондықтан дыбыс әрі акустикалық әрі артикуляциялық құбылыс. Тілдің шығу теориясында, ең әуелі, дауысты дыбыстар, сосын қатаңдар пайда болған деген тұжырымның мәні осында. Дауысқа артикуляциялық аппараттар кедергі қойғанда, ол құбылып, мағыналы дыбыстық бөлшектерге айналады. Фонетист ғалымдардың мағынаны дауыссыз дыбыстармен байланыстыруының ғылыми негізі осыдан туады.

Адамзат қоғамының даму қарқыны тудырған тілдесім үдерісінің үдемелі сұранысын тілдің дыбыстық формасы (ауызша сөйлеу) қанағаттандыра алмады. Нәтижесінде тілдік қарым-қатынастың визуалды түрі, коммуникацияның графикалық формасы (жазу) дүниеге келді. Уақыт өте келе тілдің дыбыстық формасы емес, визуалды формасы – жазудың қызметі басымдық ала бастады. Ақпарат алмасу жеделдеп, тіл тұғыры ауызша тілден жазба тілге алмасқанда, өз қызметіне оралғы болатын ескі жүйенің кейбір артық бөлшектерінен арыла бастады. Жазудың даму заңдары дыбыс пен таңбаның мағыналы, семантикалық функциясы бар бөлшектерін ғана

сақтап, мағынасыз бөлшектерін тілдік, таңбалық жүйеден ығыстырып отырады. Бұны «тілдің сұрыптау заңы» деуге болады. Мұндай сұрыптаулардан кейін тілдің дыбыстық түрі мен визуалды формасында (жазу) айтарлықтай өзгешелік пайда болады. Орфография мен орфоэпия осылай қалыптасады. Міне, бұдан кей сөздердің буын тұрқы бұзылып, сөйлеудің өзі жазу нормасына қарай ауысады да, нәтижесінде тілдің жүйесі, типі өзгереді. Тіл дамуының қай кезеңін алсақ та, сөйлеу мен жазу ешқашан бірдей болмаған, бола да алмайды. Жазудың қандай түрі болса да, тіпті, транскрипциялық жазудың өзі де ауызша тілдің сипатын, тілдесім актілерін толық бере алмайды. Бұл – тілдің графикалық формасының ерекшелігі.

Қазақ жазуы да сол сияқты – қазақтың сөйлеу тілінің коммуникативтік актісін айна қатесіз бере алмайды. Қысқасы, жазу ешқашан сөйлеудің мүлтіксіз баламасы бола алмайды, болған да емес. Мысалы, көне түркі тілінің графикалық формасы – көне түркі жазу арқылы көне түркі ауызша тілінің толық сипатын беру мүмкін емес. Осы тұрғыдан келгенде, қазақтың жазба тілі мен ауызша тілінде айырмашылық жоқ деудің өзі – шындықтан мүлде алшақ тұжырым. Бұдан ауызша тілдің қызметі мен жазба тілдің қызметі бірдей болмайтыны түйінделеді. Жазудың қызметін ауызша тілдің қызметімен теңестіру әрекеті осындай шала ұғымнан туындайды және жазуды сөйлеуге дәл түсіруге талпынатын транскрипциялық жазуға ұрындырады. Жазу – тілдің шарттылығы басым визуалды түрі ғана. Корей, жапон тілдері жалғамалы тіл бола тұра жазуда идеограммаларды пайдаланғаны сияқты, қазақ жазуын идеографикалық жазуға айналдыруға болады. Бірақ, олай болғанда, қазақ тілінің жазбаша түрі жеңіл болмауы, ақпарат алмасу қиындауы, ойды жазбаша жарыққа шығару үдерісі ауырлауы мүмкін.

Тілдің құрылымдық және жүйелілік қасиетінің өзі тіл-тілдің ұқсас белгілерін табу мақсатында туындаған. Егер жазу тілдің дәл өзі болса, жүйесі бірдей тілдердің жазуы ұқсас немесе керісінше, жазуы ұқсас тілдердің тілдік жүйесі бірдей болуы керек еді. Олай емес. Ендеше жазудың қызметі – ауызша тілдің дәл баламасы болу емес, оның мағыналы бөлшектерін бір-бірінен айыра тану, ажырату нәтижесінде жазба коммуникацияны жүзеге асыру екенін мойындау қажет.

Қазақ тілі мен қытай тілінің ең бір жақын тұсы – буын. Бір геосаяси кеңістікте қатар өмір сүрген халықтардың ортақ тілдік ерекшеліктері болмауы мүмкін де емес. Қазақ емлесінің негізін қалаушылардың бірі Е. Омарұлының: *«Пән сөзі тақырыпты негізгі жолымыз – оның қазаққа, жалпы бұқараға түсінікті болуы, қала берді, тіліне жеңіл болып, құлағына ерсі болмауы. Пән сөзін әуелі, пырансоздан дейміз, онан табылмаса немістен дейміз, онан табылмаса, қытайдан дейміз деген сықылды, жер жүзіндегі тілдердің бәрін бағалап, алдын-ала реттеп қою мүмкін емес. Қазақ тілінің заңына келмейтін ноғай сөзі мен қазақ тілінің заңынша өзгертіп, жалғау, жұрнақтар жалғауға келетін, тілге жеңіл, құлаққа жайлы Қытай сөзін салыстырып таңдайтын болсақ, меніңше қазақ тілінің заңына келетін қытай сөзін алу керек»* (Омарұлы, 2018: 56), – деген тұжырымындағы «қазақ тілінің заңына келетін» дегені осы буын тұрқы, буын ерекшелігі.

Қытай идеографтары «Қытай қорғаны» сияқты, жете меңгермеген адамға қытай тілінің ішкі құрылымын тануға мүмкіндік бермейді. Соның салдарынан тілтанушы ғалымдардың өзі бұл тіл туралы таптаурын пікірлерге ұрынады. Бұндай пікір қазақ тілі буындарының қасиетін арнайы сөз еткен алғашқы есімдердің бірі – Қ. Жұбанов еңбектерінде де кездеседі (Жұбанов, 2010: 366) Тілтанушы ғалымдар қытай тілін «түбір тіл» деп санайды. Бұл – «қытай тілі жалғау жұрнағы, буын жігі, дыбыс тіркесімі жоқ, бір идеограф – бір сөз» деген тұжырымды білдіреді. Шын мәнінде қытай тілі – буын тіл. Бұл – «қатаң буын тәртібіне, буын тұрқына, дыбыстардың буын құрау заңына бағынатын тіл» деген сөз. Аталған тілде біз жоқ деп білетін қазақ тіліндегі зат есімнің грамматикалық категориялары, өзге де грамматикалық құрылымдардың бәрі де бар. Сөз де, қосымша да бір-бір буын болып, жеке идеограммамен таңбаланатындықтан, күрделі, туынды сөздердің буын тіркесім жігі ашылып, әр буында өз алдына екпін қалыптасып, жеке сөз, түбір тұрпатты сөзформа сияктанып кеткен. Сондықтан да қытай тілі қосымшаларының қазақ тіліндегідей үндесім түрлері болмайды. Буын заңы, тіпті, қазақ тілінен де бекем. Кез келген шетел сөзін тастай қатқан буын қалыбына зорлықпен сыйдырып алады. Қазақ тілінде бар дыбыстардың бәрі де қытай тілінде бар, дыбыс қоры жеткілікті, бірақ қазақ не басқа тілдердегі

сөздерді айнытпай айтуға тек буын қалыбы ырық бермейді. Жазу тілдің формасы ғана екенін, оның ауызша тілдің дәл өзі еместігін осы қытай идеограммалары да анық көрсетеді.

Орыс тілімен салыстыра келіп, қазақ тілінде төл деп танылып жүрген дыбыстарымыздың көпшілігі қытай тілінде бар, әсіресе дауысты дыбыстардың есебі толық. Төмендегі талдауларға берер дәлелі болғандықтан, мұны мақсатты түрде арнайы көрсетуді жөн көрдік. Төменде берілген қытай тілі дыбыстарының негізгі реңкі біреу ғана да, буын ішінде өзге дыбыстармен тіркескенде, одан қосымша реңктер, яғни варианттары пайда болады. Мысалы:

А – [a] [ə]: ba [ба], dan [дән], fan [фән], gai [гәй], mai [мәй];

О – [o], [y], [ү]: bo [бо], bao [бау], chong [чүн];

У – [u], [ү], [ү], [ху], [үй], [ху]: bu [бу], cun [цүн], jiu [жиу], ju [жүй], [гүән];

Е – [ы], [і], [е]: cheng [чын], chen [чін], jie [жие], seng [сын];

Бұл қатарда қазақ тіліндегі «төл» /ү/, /ү/, /ə/, /і/, /ө/ дыбыстарының бәрі көрініс тапқан. Біз бұл тізбекте дауысты дыбыстардың негізгі реңкі мен бізге керек варианттарын ғана көрсетіп отырмыз. Шынтуайтында, аталған дауыстылардың варианттары бұдан да көп. Мұның сыртында әмбебап 7 монофтонг (/a/, /o/, /ы/, /е/, /э/, /у/, /и/), 9 дифтонг (ai [эй], ei [эй], ao [ау], ou [ху], ia [иа], ie [ие], ua [уа], uo [уо], üe [йуе]), 4 трифтонг (iao [иау], iou [иу], uai [уэй], uei [үй]) бар. Варианттармен қоса алғанда, қытай тіліндегі дауысты дыбыстар қорының жалпы саны – 23. Қытай диалектілеріндегі дауысты дыбыстарды қоссақ, саны бұдан да көп. Зер салып қарасақ, дифтонг пен трифтонгтардың бәрі дауысты [й] мен [у] дыбыстарына қатысты. Қытай тілінде дауысты қаріптердің саны – 17. Сөз реті келгенде айта кету керек, жоғарыдағы бірінші пікірді құптайтын ғалымдар /у/, /и/ дыбыстарын таратып, алдына дауысты дыбыс қосып жазуды «дауысты көп болса, тіл әуезді болады» деген уәжбен негіздейді. Егер тілдің әуезділігі мен әсемдігі дауысты дыбыстардың көптігіне тәуелді болса, әлемде қытай тілінен әуезді, әсем тіл болмас еді. Шындығында солай ма?!

Қазақ тілі – дауысты дыбыстарға бай тіл. Ендеше қазақ тілінің әуезділігі неде? Біздің ойымызша, ол – бай дыбыс қоры ауыз қуысында ерекше үндесіммен, артикуляциялық үйлесіммен, бір екпінге бағынып, бірұдай айтылуында. Яғни XIX ғасыр соңына дейін жазуға тәуелді болмай, ауызша дамып жетуінде. Қазақ тілінің бүгінгі заңдарының қалыптасуында ауызша тілдің үлесі орасан зор болды. Дегенмен, «қазақ тілінің әуезділігі дауысты дыбыстың мол болуында» деген біржақты тұжырымның жетегінде /у/ мен /и/ дыбыстарының алдына /ү/, /ү/, /ы/, /і/ дауысты дыбыстарын қосарлап, диграфпен жазу жобасы қазақ тілінің дәл табиғатын танытпайды. Жазба тіл ауызша тілдің дәл өзі болма алмайтындықтан, таңбадан әуезділік іздеу – ағат. Тілдің әуезділігі жазу заңынан емес, сөйлеу заңынан туады.

Ендігі кезекте /у/ мен /и/-ді диграфпен жазу жобасы таңба санын арттырып қана қоймай, қазақ тілінің буын тұрқын қытай тіліне жақындататын қаупіне тоқталайық. Бұл мақаланың негізгі мақсаты да – осы. Бұған дейін жасалған тұжырымдардың барлығы – осы мақсаттың дәйектері.

Жоғарыда айтқанымыздай, қытай тілі «буын тіл» болып, оның ауызша түрі 420-ға жуық буын түрімен айтылады. Қытай тіліндегі барлық 50 мыңға жуық иероглиф (бір буынды сөз), неше жүз мың күрделі сөз осы 420-ға жуық буын түрінің төрт түрлі екпінмен айтылуы арқылы жасалады (现代汉语词典, 2012). Қытай тілінде жазудың бірге/бөлек, бас әріп/кіші әріп деген визуалды грамматологиялық бірліктері жоқ, барша мағына қатар-қатар тізілген идеограммалармен беріледі. Ал кірме сөздер қытай тілі буын заңының қатаң тәртібіне сәйкес келе бермейтіндіктен, көбіне аударуға мәжбүр болады, не болмаса оларды осы 420-ға жуық буын түрлеріне мәжбүрлеп сыйдырады, бағындырады.

Біздің шамалауымызша, төл дыбыстардың түрлері мен буын типтерін ескере отырып, математикалық жолмен есептегенде, қазақ тілі дыбыстарының буын құрау мүмкіндігі 11 000-нан аса буын болуға тиіс. Бірақ тіл дамудың шегіне жетпегенде, қордағы бұл буын түрлерін толық пайдалана қоймайды, оның көп бөлігі тіл дамуының болашағы үшін резервте тұрады да, бір бөлігі нақты қолданыста болады. Мұның сыртында буын құрай алмайтын дыбыс тіркесімдерін ескергенде, қазақ тілінің қолданыстағы буын түрлерінің саны бұдан әлдеқайда аз болуға тиіс. Бұл қазақ лингвистикасында бүгінге дейін нақты анықталмаған. Тіл-тілдің қай-қайсысында да

әлем тілдерінде кездесіп жататын ортақ қасиеттер, элементтер болғаны сияқты, буынның да әмбебап түрлері болады. Қазақ тіліндегі буын түрлерінің біршамасы буын құрайтын өзге тілдерге ортақ. Бұндай ортақ буын түрлері қазақ-қытай тілдерінде де бар. Бірақ олардың түрлері мен саны бүгінге дейін нақты анықталған емес. Біздің есебіміз бойынша шамамен 100-110 буын айтылуы және тұрпаты жағынан қазақ-қытай тілдерінде бірдей.

Бұның сыртында буынның айтылуы да, жазылуы да, тіпті фонетикалық транскрипциясы да мүлде ұқсамайтын, алайда қазақ тілінің әліпби реформасы қарсаңында қайта ұсынылып жүрген /y/ мен /и/ дыбыстарын диграфпен жазу жобасы қазақ-қытай тіліндегі ұқсас буындардың санын 27-ге арттырады. Бұл мұнымен ғана шектелмейді, осы 27 буынның артында мыңдаған қытай сөздері тұр.

Қазақ тілі буындарына балама болу қаупі бар қытай тіліндегі бұл буын түрлері төмендегідей (Кесте 1).

Кесте 1 – Қазақ және қытай тілдеріндегі /y/ (u, w) мен /и/ (i, y) дыбыстары қатысатын буын түрлерінің салыстырмалы кестесі

Таблица 1 – Сравнительная таблица типов слогов с участием звуков /y/ (u, w) и /и/ (i, y) в казахском и китайском языках

Table 1 – Comparative Table of Syllable Types with the Sounds /u/ and /i/ in Kazakh and Chinese

№	Қытай буыны	Оқылуы	Иероглиф саны	/i/-сіз нұсқасы	Оқылуы	Иероглиф саны	Ұқсас дыбысталатын қазақша сөздер
йй				И			
1	bei	[бйй]	89	bi	[би]	203	би, биле
2	fei	[фйй]	85	–			
3	gei	[гйй]	3	–			
4	hei	[хйй]	5	–			
5	lei	[лйй]	48	li	[ли]	291	салиқа, әулие
6	mei	[мйй]	88	mi	[ми]	113	мия, дамиды
7	nei	[нйй]	15	ni	[ни]	97	яғни, рухани
8	pei	[пйй]	58	pi	[пи]	144	пияз, пида
9	wei	[уйй]	222	–			
10	zei	[дзйй]	9	zi	[зз]	124	–
			622			942	
уу				у			
1	dou	[дүү], [дыу]	51	du	[ду]	88	ду-ду
2	gou	[гүү], [гыу]	63	gu	[гу]	120	егу (ет.)
3	hou	[хүү], [хыу]	42	hu	[ху]	157	
4	kou	[күү], [кыу]	31	ku	[ку]	45	куә, еңку
5	lou	[лүү], [лыу]	52	lu	[лу]	168	ұлу (зт.)
6	fou	[фүү]	17	fu	[фу]	248	ғафу (зт.)
7	ou	[үү]	40	o	[ұ]	16	–
8	pou	[пүү]	26	pu	[пу]	73	қарпу (ет.)
9	rou	[рүү]	31	ru	[ру]	56	–
10	shou	[шүү]	30	shu	[шу]	135	шу (зт.)

Кесте 1 жалғасы / Продолжение Таблицы 1 / Continuation of Table 1

11	sou	[cʊy]	41	su	[cy]	80	су (сн.)
12	tou	[tʊy]	31	tu	[ty]	71	ту (ет.)
15	you	[jʊy]	125	yu	[jy]	343	байу (ет.)
16	zhou	[ʒʊy]	94	zhu	[ʒy]	176	жу (ет.)
17	zou	[zʊy]	32	zu	[zy]	47	–
			706			1823	
622+706 = 1328				942+1823 = 2765			

Бұл кестеде айрықша маңызы бар екі қаріп бар, олар – «о» және «е». Бұлар буын меңгеруші дауысты дыбыстардың қаріптері болып, олар сөздің позициясына қарай, бірнеше түрде дыбысталады, яғни қаріптің дыбыстық мәні, варианты бірнеше түрлі. Олар мынадай:

Е – [ы], [i], [e]: cheng [чың], seng [сың], chen [чін], jie [жие];

О – [о], [y], [ʊ]: bo [бо], bao [бау], chong [чүн].

Байқап отырсаңыздар, «е» таңбасы жоғарыдағы кестедегі 10 түрлі буынның бәрінде [i] болып дыбысталса, «о» таңбасы кестеде берілген 17 түрлі буынның бәрінде [ʊ] түрінде дыбысталады. Бұл екеуін қосқанда, жоғарыда айтқан 27 түрлі буын саны шығады.

Аталған «е», «о» қаріптері өзінен кейін «и» /y/, «і» /i/ дыбыстарының қаріптерімен тіркесе келгенде, «у» мен «и» таңбасын қосармен жазу жобасының «ұу» және «ій» нұсқасына графикалық тұрпаты жағынан дәл келеді. Бірақ қазақ тілінің дәл осы тұрпатты буындарының айтылуы (оқылуы, дыбысталуы) мүлде бөлек. Себебі мұндағы буын құраушы «о» /ʊ/, «е» /i/ дыбыстары қытай тілінде буын ішінде толық дыбысталады, дыбыстық реңкі анық. Ал қазақ тілінде бұл дыбыстар /y/, /i/ дыбыстарымен кірігіп, бар-жоғы анық аңғарылмайды. Яғни қазақ/қытай тілдеріндегі графикалық тұрпаты бірдей бұл буындардың айтылуында елеулі айырмашылықтар бар. Қазақ тілінде жымдасқан бұл дифтонгтардың жігін ауызша тілде ажырату өте қиын.

Дұдамал дыбысқа бұлайша таңба арнауды дыбыстық әліпбидің асқынған түрі деуге болады. Ф. де Соссюр айтқандай, жазу ауызша тілдің дәл өзі болмаса да, ауызша тілдің баламасына саналып, үстемдік алған қазіргі кезеңде және орфографиямен сөйлеу белең алған әлемдік үрдісті ескергенде, қытай тұрпатты бұл буындар болашақта, қытай тілінің экспансиясы күшейгенде, графикалық жағынан ғана емес, айтылуы жағынан да қытай тілі буындарына ұқсас дыбысталып, қазақ тілінің буын тұрпаты мен ауызша тілін өзгертуге дейін әкелуі мүмкін. Өйткені үстем тіл өз өктемдігін көрсетпей тұрмайды.

Мұқият зер салсақ, қазақ тілінің 27 буын тұрпаты қытай буындарына дәл келуі – өте қауіпті. Себебі, бұл 27 буынмен ғана шектелмейді, осы буын тұрпатымен жасалатын барлық қазақ сөздерінің айтылуы қытай сөздерінің дыбысталу ерекшелігіне ауытқуы мүмкін. Және осы тұрпаттағы барлық қытай сөздерін (кестеде көрсетілгендей, 1328 бір буынды сөз) болашақта бұлжытпай айтуымыз мүмкін. Болашақты күтпей-ақ, қазірдің өзінде қытай сөздерін таңбалауға қажеттілік бар. Айталық, әлемнің геосаяси картасын қазақ тілінде дайындау үшін қытайша жер-су атауларын, кейбір тарихи, саяси тұлғалардың есімдерін, ара-тұра тұрмыстық техника атауларын қайткенде де таңбалауға мәжбүрміз. Бұған дейін бұл олқылықтың орнын қытай атауларының орыс тіліндегі баламалары толтырып келді. Қазақ тілін заман талабына сай жаңғырту, қазақ жазуын латынграфикалы жаңа әліпбиге көшіру қарсаңында, бұл бас тарта алмайтын міндеттерімізге айналып барады.

Қытай тілінің әсерінен қытайдағы қазақ ирредентасы тілінде /ж/, /р/ /ч/ дыбыстарының айтылуында ауытқу құбылысы (/дж/, /дч/, /ыр/) бар екені, қазақ сөздеріне қытай буындарының екпіні мен интонациясын қоя бастағаны жасырын емес. Тіпті соңғы жылдарда қытай тілінің экспансиясы артқан сайын, қазақ жастарының тілінде мұның бұрынғыдан бетер күш алғаны байқалып отыр. Қытайдағы қазақ жастарының тілдік ахуалы болашақ тілдік жағдаятты бағамдау үшін алдын ала жасалған эксперимент есебінде болуы қажет. Қытай тілінің әлемдік алты тілдің бірі, ел іргесінде тұрған экспансиясы қатты тіл екенін ескерсек, болжанған қауіп Қазақстандағы

қазақ тілін де айналып өтпесі анық. Қазақ тілінің төл табиғатын сақтау мақсатында ұсынылған /y/, /и/ дыбыстарын диграфпен жазу жобасы «айдаһар тілдің көмейіне» күнібұрын түсумен бірдей. Сондықтан қытай тілінің экспансиясынан сақтанудың ең басты лингвистикалық тәсілдерінің бірі – қытай тілінің буын заңы мен буын түрлерінің тілімізге енуіне тосқауыл қою. Қазақ тілінің буын түрлерін, әр түрінің өзіндік ерекшеліктерін жете зерттеп, қытай сөздерін, өз әдісімен, сол заңға салып, бағындырып отыру керек.

/У/, /и/ дыбыстарын дауыссыз дыбыс ретінде танып, диграфпен жазу жобасында аталған екі дыбыстың графикалық тұрпаты «ұу», «үу», «ыу», «іу», «ый», «ій» алты нұсқаға көбейетінін жоғарыда айттық. Бұлардың ішінде «ый» нұсқасы қытай тілі буындарында кездеспейді. Соған қарағанда қытай тілінде /и/ дыбысы жіңішке дыбыс ретінде тұрақтанғаны анық. Ал «үу» нұсқасы аса белсенді емес. Жоғарыдағы кестедегі SVC буын типінде бұл нұсқа кездеспейді, тек CCVC буын типінде (guan [гүуэн], huan [хуэн]) кездеседі. Оның өзінде дыбыстық реңкі «ұу» (kou [күу]) диграфындағы /ұ/ сияқты анық емес, жартылай, көмескі айтылып, дұдамал естіледі. Сондықтан да «үу» диграфы қытай тілінде жалғыз «и» таңбасымен беріледі. Олар мыналар: nuan [нүуэн], luan [лүуэн], kuan [күуэн], guan [гүуэн], huan [хуэн], guan [гүуэн], duan [дүуэн], chuan [чүуэн].

Екінші кестенің оң жақ бөлігінде көрсетілгендей, қытай тілінде ұу, ій қосарлардың /ү/, /и/-сіз дара түрі де кездеседі. Олардың дыбысталуы диграфты нұсқаға қарағанда қазақ тіліне әлдеқайда жақын, тіпті кейде бірдей деуге де болады. Мұны салыстыру үшін қазақ тілінде соған ұқсас дыбысталатын сөздер мен буындар берілді. Осыған зер салып та қазақ тіліндегі /y/ мен /и/ дыбыстарының фонологиялық ерекшелігін анық аңғаруға болатын тәрізді. *Айтылуы ұқсас буындардың таңбалануы да бірдей болуының тілге салмақты қауіпі жоқ, ал айтылуы бірдей емес, алайда таңбалануы бірдей буындардың қауіпі орасан.* Сондықтан қазақ тілінің буын түрінің айтылу ерекшелігін сақтауға айрықша көңіл аудару қажет.

«Тіл заңын сақтау» деген атпен жасанды теорияларға дем беріп, оның жазу тәжірибесіне еніп кетуінен сақтану қажет. Тілдің басы ашылмаған, түбегейлі зерттелмеген заңдарына графикалық жүйеде орын берілмеуі тиіс. Осы орайда Ф. де Соссюрдың мынадай тұжырымын қаперге салу артықтық етпес: *«Қазіргі орфографияны фонологиялық әліпбимен алмастыру қажет пе? Бұл жерде осы қызықты сауалға үстірт жауап қайтарылуы мүмкін; біздіңше, фонологиялық жазу тек қана лингвистерге қызмет етуі тиіс. Ең алдымен, біркелкі жүйені ағылшындарға, немістерге, француздарға және т.б. қабылдануы мүмкін болмайтын шығар. Сондай-ақ барлық тілдерге ортақ әліпбиде дәйекше белгілердің қаптап кету қауіпі бар; осындай мәтіннің бір ғана ұсқынсыз парағын айтпағанда, нақтылықты көздеген мұндай жазу оқуға жеңіл болмақ түгілі, оқырманды шатастырары айдан анық. Мұндай жайсыздықтардың зиянын жеткілікті артықшылықтар да өтей алмас еді. Ғылым шеңберінен тыс жерде фонологиялық дәлдіктің қажеті жоқ.*

Осыған орай оқу әдісі туралы мәселені қарастырайық. Өйткені біз екі әдіспен оқимыз: жаңа немесе беймәлім сөздің әрбір әрпін біз жеке-жеке оқимыз, ал таныс және мәлім сөз бірден көзге түседі; мұндай сөздің бейнесі біз үшін, идеографиялық маңызға ие болады. Бұл тұрғыдан келгенде дәстүрлі орфографияның өз хұқығын қорғауы заңды: tant «соншама» және temps «уақыт», et «және», est «бар» және ait «менікі болса», du (артикуль) және dû «міндетті», il devait «ол қарыз еді» және ils devaient «олар қарыз еді» және т.с.с. айырудың пайдасы бар.

Бір ғана тілегіміз – жалпыға ортақ орфография өз бойындағы келеңсіздіктерден арылса екен. Егер тілдерді оқытуда фонологиялық әліпбидің көмегі тиген болса, ол бұны барлық жерде қолдану керек деген сөз емес» («Әлемдік мәдениеттану ой-санасы», 2005. 39-40). Бұнда Ф. де Соссюр әліпби, жазудың қызметі, автоматтылығы, жүйелілігі, дәстүр сабақтастығы т.б. өзекті мәселелердің жауабын тиянақты айтқан.

Қорытынды

Қорыта келгенде, жазу тілдің ішкі қажеттілігінен пайда болмаған, керісінше әлеуметтік, қоғамдық қатынастың қажеттілігінен пайда болған. Сондықтан жазудың кейбір күрделі мәселелерін тілдің өз ішінде шешу, үкім шығару дұрыс нәтиже бермейді. Оған әлеуметтік, субъективті факторлардың объективті ықпалдары тұрғысынан да қарау керек. Кейде тілдің тарихи кезеңдегі заңдарын қолдан қорғап отыру өте көп күшті қажет етіп, тіл адамның құралы

емес, адам тілдің тарихи түрін қорғайтын құралға айналады.

/У/, /и/ дыбыстарын дауыссыз ретінде танып, оларды әрдайым ажырамай қатар жүретін «уу», «үү», «ыу», «іу», «ый», «ій» атты алты диграфпен таңбалау, ең алдымен, қазақ және қытай тілдеріндегі 27 буынның графикалық тұрпаттарының сәйкес келуіне негізделеді. Қазіргі қытай тілінде аталған 27 буын тұрпатымен және төрт түрлі екпінімен айтылатын 1328 сөз (ирреглиф) бар. Бұл бір буынды сөздер өзге сөздермен тіркескенде, есепсіз көп сөз жасайды. Орфографиямен сөйлеу белең алып бара жатқан қазіргі жаһандық үдерістің әсерінен бұл буындар мен есепсіз көп сөз қазақ буындарының графикалық тұрпатын ғана емес, дыбысталуын, айтылуын да қытай тіліне жақындатады. Айтылуы ұқсас буындардың таңбалануы да бірдей болуының тілге салмақты қаупі жоқ, ал айтылуы бірдей емес, алайда таңбалануы бірдей буындардың қаупі орасан. Бұдан бөлек, Қазақстанмен бір географиялық кеңістікте көрші отырған, экономикалық тұрғыдан қуатты, халықаралық статусы бар қытай тілінің қазақ тіліне әсері болмай қалмайды. Қазақ тілін болашақта қытай тілімен болатын интеграция үдерісі күтіп тұр. Бұл жағдайда қазақ тілі қытай тілінің экспансиясына төтеп бере алатындай қуатқа ие болуы керек. Ал /у/, /и/ дыбыстарын диграфпен жазу жобасы қытай тілінің экспансиясын тіптен жеделдетіп жіберуі ықтимал. Тілдердің тіршілік таласында бұл «таратып жазу» жобасы қазақ тілінің арқауын әлсірететін қадам деп санаймыз, сондай-ақ практикалық тұрғыдан да аса тиімсіз болмақ. Сондықтан «тіл заңын сақтау» деген атпен жасанды теорияларға дем беріп, оның жазу тәжірибесіне еніп кетуінен сақтану қажет. Тілдің басы ашылмаған, түбегейлі зерттелмеген заңдарына графикалық жүйеде орын берілмеуі тиіс. Әрине, біздің айтқанымыз ақиқат деуден аулақпыз. Әр ұлттың ана тілі баға жетпес құндылық болғандықтан, болар қауіпті алдын-ала болжап, ескерту, қаперге салу – тілтанушының мойнындағы міндет.

Әдебиеттер

- Әлемдік мәдениеттану ой-санасы. Он томдық. 6-том. Тіл мен мәдениет. – Алматы: Жазушы, 2005. – Б. 39-40.
- Базарбаева З.М. Дыбыс, фонема, әріп ұғымдарының ара-қатынасы. // *TiltanyM*. 2019, №1. – Б. 13-17. https://www.tiltanyM.kz/jour/article/view/608/449?locale=kk_KZ
- Білім кеңесі мен Қазақ жаңа әліпби кіндік комитеті шақырған «Емле конференциясының» стенографиялық есебі. – Қызылорда: Қазиздат, 1930. – 109 б.
- Жұбай О. Қазақ тілі жүйесінің орфографиялық сөздіктердегі көрінісі [Электронды ресурс]. – URL: https://mtdi.kz/main/tilshi_portfeli/id/1156 (Пайдаланылған күні: 04.08.2025)
- Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Өңдеп 3-басылуы. – Алматы: Атамұра, 2010. – 608 б.
- Жүнісбек Ә. Сингармология или неизвестный сингармонизм. – Алматы: Абзал-Ай, 2018. – 144 с.
- Күдерінова Қ. Қазақ жазуының тарихы мен теориясы. Оқу құралы. – Алматы: Елтаным, 2013. – 344 б.
- Күдерінова Қ. И мен у: қайтпек керек? [Электронды ресурс]. – URL: <https://abai.kz/post/108548> (Пайдаланылған күні: 04.08.2025)
- Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік-словарь, 2005. – 440 б.
- Қапалбек Б. Жаңа емледегі И мен У-дың әлегі [Электронды ресурс]. – URL: <https://aqiqat.kazgazeta.kz/news/10081> (Пайдаланылған күні: 04.08.2025)
- Мамырбек Г. Артық әріптің қажеті бар ма? [Электронды ресурс]. – URL: <https://tilalemi.kz/kz/method/artiq-ariptin-qajeti-bar-ma.html> (Пайдаланылған күні: 04.08.2025)
- Маралбек Е. Телжан Шонанұлының қазақ жазуы туралы ғылыми танымы. // *TiltanyM*. 2024, №3 (95). – Б. 96-107. <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2024-3-96-107>
- Омарұлы Е. Көптомдық шығармалар жинағы. // Құраст: Е.Маралбек. – Алматы: «Лұғат» қоғамдық қоры, 2018. – 1-2 т.
- Сыздық Р. Қазақ тілінің анықтағышы (емле, тыныс белгілері, сөз сазы). – Астана: Елорда, 2000. – 532 б.
- Уәли Н. Графика. Орфография. Орфоэпия. – Алматы: А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты баспасы, 2018. – 334 б.
- Уәлиев Н., Алдашева А. Қазақ орфографиясындағы қиындықтар. – Алматы: Ғылым, 1988. – 110 б.
- Фердинанд де Соссюр. Курс общей лингвистики. – Екатеринбург: Изд. Уральского университета, 1999. – 360 с.
- 现代汉语词典 (Xian dai han yu ci dian). 国社会科学院语言研究所词典编辑室编. -6 版. 北京:商务印书馆. 2012, 1874 页.

References

Alemdik madeniettanu oj-sanasy (2005) On tomдық. 6-tom. Til men madeniet. Almaty: Zhazushy. B. 39-40. [World

- Cultural Studies thinking (2005) In ten volumes. Vol. 6: Language and culture. Almaty: Zhazushy. P. 39-40.] (in Kazakh)
- Bazarbaeva, Z.M. (2019) Dybys, fonema, arip ugymdarynyng ara-qatynasy. *Tiltanyim*. №1. B. 13-17. https://www.tiltanyim.kz/jour/article/view/608/449?locale=kk_KZ [Bazarbayeva, Z.M. (2019) The relationship of the concepts of sound, phoneme, letter. *Tiltanyim*. No.1. P. 13-17. https://www.tiltanyim.kz/jour/article/view/608/449?locale=kk_KZ.] (in Kazakh)
- Bilim kengesi men Qazaq zhanga alipbi kindik komiteti shaqyrgan Emle konferencijasynyng stenografijalyq esebi (1930) Qyzylorda: Qazizdat, 109 b. [Shorthand report of the spelling conference convened by the Council of education and the Kazakh new alphabet navel committee (1930) Kyzylorda: Kazizdat, 109 p.] (in Kazakh)
- Ferdinand de Sossjur (1999) Kurs obshhej lingvistiki. Ekaterinburg: Izdatel'stvo Ural'skogo universiteta, 360 s. [Ferdinand de Saussure (1999) Course in General Linguistics. Yekaterinburg: Ural University Press, 360 p.] (in Russian)
- Kuderinova, Q. (2013) Qazaq zhazuynyng tarihy men teorijasy. Oqu quraly. Almaty: Eltanym, 344 b. [Kuderinova, K. (2013) History and theory of Kazakh writing. Training manual. Almaty: Eltanym, 344 p.] (in Kazakh)
- Kuderinova, Q. (2025) I men u: qajtppek kerek? [Jelektrondy resurs]. URL: <https://abai.kz/post/108548> (Pajdalanylgan kuni: 04.08.2025). [Kuderinova, K. (2025) I and y: should we go back? [Electronic resource]. URL: <https://abai.kz/post/108548> (Accessed: August 04, 2025.)] (in Kazakh)
- Kaliev, G. (2005) Til bilimi terimderining tusindirme sozdigi. Almaty: Sozdik-slovar` baspasy, 440 b. [Kaliyev, G. (2005) Explanatory Dictionary of Linguistics terms. Almaty: Sozdik-slovar, 440 p.] (in Kazakh)
- Qapalbek, B. (2025) Zhanga emledegi I men U-dyng alegi. [Jelektrondy resurs]. URL: <https://aqiqat.kazgazeta.kz/news/10081> (Pajdalanylgan kuni: 04.08.2025). [Kapalbek, B. (2025) "I" and "U" in the new spelling. [Electronic resource]. URL: <https://aqiqat.kazgazeta.kz/news/10081> (Accessed: August 04, 2025.)] (in Kazakh)
- Mamyrbek, G. (2025) Artyq ariptyng qazheti bar ma? [Jelektrondy resurs]. URL: <https://tilalemi.kz/kz/method/artiq-ariptin-qajeti-bar-ma.html> (Pajdalanylgan kuni: 04.08.2025). [Mamyrbek, G. (2025) Is there a need for an extra letter? [Electronic resource]. URL: <https://tilalemi.kz/kz/method/artiq-ariptin-qajeti-bar-ma.html> (Accessed: August 04, 2025.)] (in Kazakh)
- Maralbek, E. (2024) Telzhan Shonanulynyng qazaq zhazuy turaly gylimi tanymy. *Tiltanyim*. 2024, №3 (95). B. 96-107. <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2024-3-96-107> [Maralbek, Ye. (2024) Scientific knowledge of the Kazakh script by Telzhan Shonanovich. *Tiltanyim*. 2024, No.3 (95). P. 96-107. <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2024-3-96-107>] (in Kazakh)
- Omaruly, E. (2018) Koptomdyq shygarmalar zhinagy. Qurast: E. Maralbek. Almaty: Lugat qogamdyq qory. 1-2 t. [Omaruly, Ye. (2018) Collection of multi-volume works. The compiler is Ye. Maralbek. Almaty: public fund "Lugat". Vol. 1-2.] (in Kazakh)
- Syzdyk, R. (2000) Qazaq tilining anyqtagyshy (emle, tynys belgileri, soz sazy). Astana: Elorda, 532 b. [Syzydyk, R. (2000) Determinant of the Kazakh language (spelling, punctuation, word music). Astana: Elorda, 532 p.] (in Kazakh)
- Uali, N. (2018) Grafika. Orfografiya. Orfojepiya. Almaty: A.Bajtursynuly atyndagy Til bilimi instituty baspasy, 334 b. [Uali, N. (2018) Graphics. Spelling. Orthoepy. Almaty: A.Baitursynov Institute of Linguistics publishing house, 334 p.] (in Kazakh)
- Ualiev, N., Aldasheva, A. (1988) Qazaq orfografijasyndagy qiyndyqtar. Almaty: Gylym, 110 b. [Ualiyev, N., Aldasheva, A. (1988) Difficulties in Kazakh spelling. Almaty: Gylym, 110 p.] (in Kazakh)
- Zhubaj, O. (2023) Qazaq tili zhujesining orfografijalyq sozdikterdegi korinisi. [Jelektrondy resurs]. URL: https://mtdi.kz/main/tilshi_portfeli/id/1156 (Pajdalanylgan kuni: 04.08.2025). [Zhubai, O. (2023) Reflection of the Kazakh language system in spelling dictionaries [Electronic resource]. URL: https://mtdi.kz/main/tilshi_portfeli/id/1156 (Accessed: August 04, 2025.)] (in Kazakh)
- Zhubanov, Q. (2010) Qazaq tili zhonindegi zertteuler. Ongdep 3-basyluy. Almaty: Atamura, 608 b. [Zhubanov, K. (2010) Research on the Kazakh language. Edit 3-print. Almaty: Atamura, 608 p.] (in Kazakh)
- Zhunisebek, A. (2018) Singarmologiya ili neizvestnyj singarmonizm. Almaty: Abzal-Aj, 144 s. [Zhunisbek, A. (2018) Singarmology or non-existent singarmonism. Almaty: Abzal-Ai, 144 p.] (in Russian)
- 现代汉语词典 (Xian dai han yu ci dian) (2012) 国社科学院语言研究所词典编辑室编. 6 版. 北京:商务印书馆. 1874 页. (in Chinese)

Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 02.07.2025.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 10.12.2025.

Интернетте қол жетімді / Доступно онлайн / Available online: 12.12.2025.

© Маралбек Е., Корбозова Ә.Н., Сайауышұлы А., 2025

© А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2025

